

Біліктілікті арттыру курстары (Nazarbayev Intellectual Schools)

04.03. бастап 15.03.2019 ж. аралығында Музыкалық білім беру және хореография кафедрасының п.ғ.д., профессоры Нарикбаева Лора Нұр-сұлтан қ. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясында педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курстардан өтті.

Курста оқу пәндерінің жаңартылған бағдарламалары бойынша оқушыларды оқытудың жаңа әдістері мен жаңа кәсіби білім алды, болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісіне оларды имплементациялау мүмкіндіктері қаралды.

Курс соңында Нарикбаева Лора сертификат алып, "Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары негізінде курс тыңдаушыларының эсселері" жинағында Эссе жариялады:
<https://www.cpm.kz/upload/listeners/essay/80.pdf>

